

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінде биылғы жылы да оқытушылар мен студенттердің бірлесуі бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы тағылымды тәрбие жұмысын жоспарлы жүргізу жан-жақты жолға қойылған

4-5 бет

«Есть современные тенденции в науке, с которыми нужно знакомить нынешних «продвинутых» школьников», – так считает автор учебника по биологии с 7 по 11 классы на русском языке Алина Робертовна СОЛОВЬЕВА. Полный текст интервью – в сегодняшнем номере

стр. 6

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті болашақта мықты болуды мақсат тұтқан жігерлі жастарға биыл да кезекті мәрте есігін айқара ашып, талантты түлектердің талабын шыңдауға жәрдемдесетін сенімді баспалдақ болуда

10 бет

www.bilimdinews.kz

БІЛІМДІ ЕЛ

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СТРАНА

Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті

№6 (260)
сейсенбі
9 ақпан 2021
Басылым 2014 ж.
маусымның 17-сінен
бастап жарық көреді

Газет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық қолдауымен шығады

ИнЕУ: ориентир на промышленный кластер Павлодарского региона



ИнЕУ (Инновационный Евразийский университет) представляет собой современный научно-образовательный комплекс, выступающий центром по сбалансированному обеспечению инженерно-технологического и социально-экономического развития Павлодарского региона квалифицированными кадрами, техническими и технологическими решениями.

В течение многих лет вуз выполняет научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы (НИОКР) по заказу базовых региональных предприятий обрабатывающей промышленности, металлургической отрасли, машиностроения, пищевой и сельской промышленности.

Примером этому может служить многолетнее сотрудни-

чество кафедры «Сельское хозяйство и биоресурсы» с крупными предприятиями АО «Сут» и ТОО «Рубиком», разработавшими совместно биодобавки нового типа, продукты функционального питания на основе комбинирования и обогащения растительного и животного сырья биокорректорами, йогуртовые закваски, рецептуры

молочных и колбасных изделий.

Ярким примером сотрудничества служит также опыт взаимодействия кафедры «Окружающая среда и химические технологии» с ТОО «БО-НА» и ТОО «Павлодарский нефтехимический завод» по разработке дезинфицирующих средств и бытовой химии.

Также учеными совместно с ТОО «Нефтехим LTD» разработана технология создания биоразлагаемого упаковочного материала растительного и животного происхождения. Совместно с птицефабрикой ТОО «Кызылжар-кус» выведены новые технологии производства кормовых добавок для птицефабрик из углей

Майкубенского месторождения.


В долгосрочной перспективе вуз станет площадкой по отработке новых технологий в производстве водостойкого асфальта на основе использования донных отложений и серы ТОО «Павлодарский нефтехимический завод».

Ученые кафедры «Энергетика и металлургия» на протяжении многих лет сотрудничают с АО «Павлодарэнерго» по совершенствованию городской системы отопления, также являются разработчиками систем теплоснабжения сельскохозяйственных объектов Павлодарской области на основе возобновляемых источников энергии. Все это способствует эффективному разви-

тию Павлодарского региона, его экономического благосостояния.

На современном этапе ИнЕУ является важным элементом образовательной, научной и инновационной структуры области, ряда отраслей промышленности, занимающих лидирующую роль в экономике края. Вуз стремится оперативно реагировать на запросы рынка труда, на требования работодателей к компетенциям выпускников, на запросы абитуриентов и их родителей, на перспективные потребности региона в тех или иных кадрах, на результаты форсайт-исследовательских агентств.

Продолжение на стр. 12



Газетке «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде кез келген айдан бастап жазылуыңызға болады.

Подписаться на газету вы можете в любом отделении АО «Казпочта» начиная с любого месяца.

сайтымыз : www.bilimdinews.kz

email: bilimdi_el@mail.ru

тел.: 8(7172) 254-770, 8(708)425-47-70, 8(701)512-42-50, 8(708)425-63-40

Информационный партнер – Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Ұлттық идеямыз
білім мен ілім

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ төрағалығымен ұйымдастырылған Қауіпсіздік Кеңесінің отырысына еліміздің лауазымды тұлғаларымен бірге Білім және ғылым министрі Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ қатысты, – деп хабарлайды осы салалық ведомствоның баспасөз қызметі.



Нұрсұлтан Әбішұлы экономикалық қауіпсіздікті, киберқауіпсіздікті, ақпараттық қауіпсіздік пен адами капиталдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударып: – Нағыз қауіп – минералды-шикізат ресурстары бағасының құл-

дырауы емес, ұлттың интеллектуалдық әлеуетінің төмендеуі қауіпі. Бұл, бірінші кезекте, білім беруге қатысты. Біз осы сала бойынша дамыған елдерден әлі артта келеміз. Білім мен ілім таяу онжылдықта біздің ұлттық идеямыз болуы керек, – деді.

Тіл – мемлекет
тәуелсіздігінің нышаны

Биылғы қаңтар айының екінші онкүндігінде өзге ұлт өкілдері болып табылатын 5-10 сынып оқушылары арасында қазақ тілінен «Тіл – мемлекет тәуелсіздігінің нышаны» тақырыбында XV республикалық олимпиадасы ұйымдастырылды, – деп хабарлайды Білім және ғылым министрінің баспасөз қызметі.

Қашықтан өткен олимпиаданың алғашқы кезеңіне 9579 оқушы қатысып, олардың 145-і қорытынды кезеңге жолдама алды. Олимпиада қорытындысы бойынша елу үш қатысушы жүлдегер атанды. Бірінші дәрежелі дипломдармен

– 9 оқушы, II дәрежелі дипломдармен он алты оқушы, үшінші дәрежелі дипломдармен – 28 оқушы марапатталды. Олимпиада жүлдегерлерін, олардың ата-аналары мен мұғалімдерді жеңістерімен құттықтаймыз!

Функционалды сауаттылық
анықталады

Білім және ғылым министрінің баспасөз қызметінің ресми мәлімдеуінше, жаңартылған білім мазмұны оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталған, яғни мектепте алған білімдерін өмірде қолдануға үйретеді.

– PISA зерттеуіне республика аумағындағы қалалық және ауылдық мектептердің барлығы қатысты. Бірақ шет елдерде бұл рейтингке тек ірі қалаларында орналасқан мектептерін қатыстырады. Қазақстан егер осындай іріктеу жа-

сап, зерттеу барысында тек Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқушылардың нәтижелерін ескеретін болса, PISA зерттеуіндегі нақтыланған көрсеткіштері алғашқы бестікте болар еді, – деді саясаттанушы Индира Рыстина.

Колледждердің академиялық дербестігі

Салалық ведомстводағы баспасөз қызметінің хабарлауынша, ел Үкіметінің кезекті отырысында ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов отандық колледждерге академиялық дербестік беріле бастайтынын мәлімдеген. Бұл шара білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзгертуге білім сапасын арттыруға, оқу мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді. Сол арқылы түлектер тезірек жұмысқа орналаса алады.

– Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында 15 өңірлік университетті дамыту қарастырылған. Жоғары оқу орындарын нақты критерийлер бойынша іріктеп аламыз. Осы университеттер арқылы өңірлердегі білім сапасын арттыру үшін нысаналы қаржы бөліп, оларды жа-



на зертханалармен қамтамасыз етеміз. Ол оқу орындарында жаңа білім бағдарламалары да ашылады, – деді еліміздің бас педагогі.

Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихы бойынша бірыңғай оқулықтар әзірленеді. Бұл бағыттағы жұмыстар басталды. Орта білім жүйесінде оқу жүктемесін азайту мәселелері қаралады. Үлгілік оқу бағдарламалары жаңартылады. Президенттің тапсырмасына сәйкес математика, тілдер және информатика пәндеріне ерекше назар аударылады.

Асхат Қанатұлының айтуынша, ба-

лабақшаларды дамыту бойынша кешенді жоспар әзірленіпті. Онда ваучерлік жүйені енгізу, балабақшалармен қамту, жаңа мемлекеттік стандарт қабылдау және балабақшаларда қолайлы жағдай жасау шаралары қарастырылатын болады. Инклюзивті білімді дамытуға сәйкес, ерекше балаларға арналған ұйымдардың ашылу нормативі 50 мың балаға бір психологиялық-медициналық, педагогикалық кеңес есебінен өзгерту жоспарланады. Сондықтан қосымша 46 ПМК және 25 түзету кабинеттерін құру қажеттілігі бар.

– Бұл ерекше балалар үшін ауадай қажет шара. Бүгінде ПМК-ға ең үлкен қажеттілік Түркістан, Алматы, Қарағанды, Атырау облыстарында және Нұрсұлтан қалаларында. Ерекше қажеттілігі бар балаларға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тетігін қолға аламыз. Орта білімде оқу жүктемесін азайту мәселесі қаралады. Үлгілік оқу бағдарламалары жаңартылады, – деді ведомство жетекшісі.

Жансейіт Түймебаев әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ ректоры

ҚР Білім және ғылым министрінің хабарлауынша, 2021 жылғы ақпан айының 5-і күні «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Басқарма төрағасы – ректор лауазымына үміткер болған кандидатураларды қарастырды.

Аталған лауазымға үміткерлер жоғары оқу орнын дамыту бағдарламаларын дайындап, ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшелеріне таныстырды. Нәтижесінде конкурста қатысқан бірнеше үміткердің ішінен Жанар Амангелдіқызы Темірбекова мен Жансейіт Түймебаевтың кандидатурасы Республикалық комиссияның қарауына ұсынылды.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов төрағалық еткен Республикалық комиссия Директорлар кеңесі ұсынған кандидаттармен әңгімелесу өткізіп, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма тө-



рағасы – ректоры лауазымына Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевты таңдады. ҚазҰУ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор ретінде Рахман Алшанов, Күнсұлу Закария, Нұрлан Смағұлов, Еркін Төтшіев, Арманжан Байтасов және басқа азаматтар кіреді.

Жансейіт Қансейітұлы 1958 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. 1980 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Филолог» мамандығы бойынша тәмамдаған, 2000 жылы Мәскеу мемлекеттік әлеуметтік университетінің заң факультетін бітірген, филология ғылымының кандидаты. 1980-1993 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде оқыту-

шы, доцент. 1993-1994 жылдары ҚР Сыртқы істер министрінің бірінші хатшысы, бөлім бастығы. 1994-1997 жылдары ҚР Түркиядағы елшілігінің екінші, бірінші хатшысы. 1997-1999 жылдары ҚР Президенті протокол қызметінің бас сарапшысы, ҚР Ыстанбұл қаласындағы Бас консулы. 1999-2004 жылдары ҚР Президенті протоколының жетекшісі. 2004-2006 жылдары ҚР Президенті протоколының жетекшісі – ҚР Президентінің кеңесшісі. 2006-2007 жылдары ҚР Ресей Федерациясындағы төтенше және өкілетті елшісі.

2007-2010 жылдары ҚР Білім және ғылым министрі. 2010 жылдан Қазақстанның Түркиядағы төтенше және өкілетті елшісі. 2016 жылғы қазан айынан 2018 жылдың маусымына дейін Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі. 2018 жылдың маусым айынан 2019 жылдың ақпан айы аралығында Түркістан облысының әкімі. 2019 жылғы ақпан айының 28-інен Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, Қазақстан Президенті Әкімшілігінің ҚХА хатшылығының басшысы. Мемлекеттік нағардалары: «Құрмет» және «Парасат» ордендері, медальдар иесі.

1-сыныпқа қабылдау сәуірден басталады

Өткен аптаның басындағы салалық ведомствоның аппарат жиналысында бұрын мектепке қабылдау үшін 26 құжат қажет болса, қазіргі кезде сұратылатын қағаздардың саны үшке түскені мәлім болды, – деп хабарлайды Білім және ғылым министрінің баспасөз қызметі. Биыл тағы да мемлекеттік қызметке автоматизация жүргізу жоспарланған. Ресми деректерге сүйенсек, білім мен ғылым саласында алдыңғы жылдармен салыстырғанда көп қызмет электронды форматқа ауысқан.

– Мемлекет басшысы бұл бағытта арнайы тапсырмалар берді. Осыдан екі-ақ жыл бұрын студенттерге арналған оңтайландырылған қызмет көрсететін арнайы орталықтар ашылған болатын. Енді қазір аз уақыт ішінде бұл студенттерге қызмет көрсететін орталықтардың қажеттілігі азайды. Біздің мақсат – барлық қызметті заманауиландырып, смартфонның көмегімен шешетіндей деңгейге жеткізу. Бұрын 14

деканатқа барып жүрген болса, қазір оны қызмет көрсететін бір орталыққа біріктірдік. Енді арнайы орталыққа барып-жүрудің қажеті болмайды. Ата-ана болсын, студент болсын ешқайда, ешкімге бармай, смартфон немесе компьютері арқылы қызмет алатындай жағдай жасауымыз керек. Бұл мәселені алысқа созбай, осы жылы автоматтандыру жұмысын жалғастырамыз, – деді Асхат Аймағамбетов.

Бас педагогтың айтуынша, интерфейсінен бастап, құжаттарына дейін бәріне түсінікті болуы шарт. Көп қызмет проактивті болуы тиіс. Мектептен мектепке ауысу, колледжден колледже ауысу, жоғары оқу орындарына ауысу электронды түрде болатындай жұмыстар жасалады. Мұғалімдерді аттестациялау мәселесі, құжат қабылдау электронды форматқа ауысатын болады.

– Биыл бірінші сыныпта оқитын бүлдіршіндердің құжатын қабылдау сәуір айының 1-інен басталатын болады. Ең бастысы барлық құжат цифрлы түрде іске асырылуы тиіс. Мамыр айына дейін қарастырылып, кем-кетіктер жөндеуі керек. Білім басқармалары, барлық әріптес оқу жылын қорытындылар алдында жасалған жұмыстар жайлы есеп беретін болады, – деді министр сөзінің соңында.

АППАРАТНОЕ СОВЕЩАНИЕ

Инклюзивное образование и цифровизация

На прошедшем аппаратном совещании МОН подняли две важные темы – развитие инклюзивного образования в стране и цифровизация государственных услуг в сфере образования и науки. Так, по первому вопросу стало известно, что в регионах не хватает кабинетов психолого-педагогической коррекции и психолого-медико-педагогической консультации для детей с особыми образовательными потребностями. По второму вопросу – в этом году МОН планирует автоматизировать все услуги образования, а также упростить второй этап аттестации педагогов.

Нехватка кабинетов коррекции и консультации

По ситуации с инклюзивным образованием в стране выступила директор РГУ «Национальный научно-практический центр развития специального и инклюзивного образования» Айгерим Кудеринова. По ее словам, общее количество детей с ООП в стране – 161 826. При этом каждый год количество таких детей увеличивается на 3 процента. Сегодня в дошкольных организациях обучаются 37 970, в школах – 95 497 детей с особыми образовательными потребностями.

Директор РГУ отмечает важность расширения сети специальных организаций образования для такой категории детей. По ее словам, в стране дефицит кабинетов психолого-педагогической коррекции (КППК) и психолого-медико-педагогической консультации (ПМПК).

– По закону на 60 тысяч детей открывается одна консультация. На сегодня по стране 79 ПМПК, потребность в 26 таких консультациях. Больше всего не хватает в Туркестанской, Алматинской областях и Шымкенте. КППК в стране 202, нужно открыть еще 24, особенно в Карагандинской и Костанайской областях. Дефицит мест в

специальных дошкольных организациях и спецгруппах в общих ДО составляет 3374 места, – проинформировала Айгерим Кудеринова.

Она призвала местные исполнительные органы в регионах обратить внимание на эти факты.

В целом, по словам спикера, ситуация с созданием условий для инклюзивного образования в образовательных учреждениях улучшается. Так, например, в школах на 70 процентов созданы условия для обучения детей с ООП. В планах у Национального научно-практического центра развития специального и инклюзивного образования к 2025 году добиться охвата инклюзивным образованием в дошкольных организациях на 70 процентов, в вузах и колледжах – на 100 процентов.

9 госуслуг перейдут в смартфоны

В настоящее время МОН оказывает 29 образовательных госуслуг в электронном формате. О планах по переводу всех госуслуг в «цифру» в ходе аппаратного совещания рассказал вице-министр образования и науки РК Рустем Бигари.

По его словам, МОН является разработчиком НПА по 62 государственным услугам в сфере образования и науки.

– 50 из них, или 80,6 процентов, предусматривает оказание в электронном виде. Министерством в 2019 году 47 госуслуг, или 76 процентов, были оптимизированы до 29 госуслуг, по которым были разработаны форматы, готовые для размещения в егов, – отметил Рустем Бигари.

И сообщил, что в этом году планируют автоматизировать еще 9 образовательных госуслуг.

– В целом в 2021 мы все госуслуги стараемся по поручению Главы государства перевести в смартфоны и мобильные приложения, – отметил спикер.

По его словам, будут автоматизированы все виды образовательных услуг для студентов, чтобы они могли получать их через свои смартфоны.



– Вот уже несколько лет на базе казахстанских вузов работают центры по обслуживанию студентов. Как показывает практика, эффективность таких центров невелика. Поэтому до конца 2021 года мы будем работать по автоматизации образовательных услуг, которые получают наши студенты, – сказал Рустем Бигари.

И добавил, что такие услуги, как прием в школу, колледж, вуз, также поэтапно полностью перейдут на электронный формат. Уже в этом 2021 году прием документов в 1 класс будет осуществляться только в электронном виде.

Аттестация педагогов

Вице-министр образования и науки РК Рустем Бигари также рассказал об автоматизации прохождения аттестации педагогов. Он отметил, что регулярно получает в социальных сетях сообщения от учителей, которые сталкиваются с бюрократией во время подачи документов на аттестацию.

– Поэтому в данный момент мы работаем над тем, чтобы наши педагоги не бегали сломя голову, собирая многочисленные документы, а реально готовились к предстоящей аттестации и повышали свою квалификацию, – сказал вице-министр образования и науки.

Далее он разъяснил процедуру участия педагога в аттестации.

1) учитель размещает свое портфолио в НОБД (Национальная образовательная база данных);

2) заполняет всю необходимую информацию в электронном формате;

3) подготовка – прием заявлений для участия в НКТ – тестирование – работа аттестационной комиссии по проведению процедуры присвоения квалификации – присвоение квалификации – надбавка к заработной плате.

Таким образом, МОН планирует упростить прохождение педагогами второго этапа процедуры аттестации.

– Как известно, на втором этапе после тестирования учителя сдают пачку документов в канцелярию отделов и управлений образования, «Правительство для граждан» либо через egov.kz в бумажном или электронном варианте. Одним словом, сплошная бюрократия, – подчеркнул Рустем Бигари.

В завершение совещания министр образования и науки РК Асхат Аймагамбетов поручил и далее качественно исполнять задачи и держать на контроле вопросы развития инклюзивного образования и автоматизации образовательных услуг.

Асет СЫЗДЫКОВ

ПЕРСПЕКТИВА

Курсы для учителей физкультуры

В Национальном научно-практическом центре физической культуры МОН РК с 1 февраля стартовали курсы повышения квалификации учителей и преподавателей физической культуры общеобразовательных школ и колледжей Казахстана. В ходе занятий длительностью 36 академических часов участникам курсов объясняли организационные и методические аспекты школьной физической культуры за рубежом.

Как сообщила нашему изданию пресс-служба Комитета дошкольного и среднего образования, данный курс по данной тематике впервые проводится среди педагогов физической культуры, и первый набор собрал 255 слушателей со всех регионов Казахстана.

В базовый модуль вошли 3 блока вопросов: принципы построения физического воспитания и организации педагогического процесса в общеобразовательных школах, колледжах и университетах за рубежом, критерии качественного воспитания, практика организации тренировочного процесса в школах Франции по волейболу.

Программа повышения квалификации рассчитана на 5 полных рабочих дней с выдачей государственного сертификата Национальным научно-практическим центром при МОН РК, с отработкой заданий

теоретического и практического содержания в формате онлайн и с обязательным посткурсовым сопровождением.

Слушатели ознакомились с системой организации педагогического процесса по физическому воспитанию школьников и студентов на основе сравнительного анализа 6 стран: США, Франции, Англии, Японии, Китая и Норвегии.



– Эти страны имеют разные культуры и традиции в организации процесса физического воспитания. Безусловно, экономико-финансовая мощь этих государств оказала большое влияние на качественное формирование спортивной инфраструктуры в учебных заведениях этих государств. Но нельзя отрицать грамотную и систематически выдержанную государственную политику в области физического воспитания и спорта. Поэтому очень позитивное влияние могут оказать на слушателей получа-

емые знания в сфере методики и методологии организации процесса физического воспитания в образовательных учреждениях вышеуказанных стран, – рассказал слушателем эксперт в области истории педагогики и методики, доцент Куандык Кудайбергенов.

В ходе проведения участникам представили новую образовательную программу ЮНЕСКО «Качественное физическое воспитание».



– Суть программы – обеспечение доступа к физическому воспитанию подрастающего поколения, создание сбалансированной, устойчивой молодежной среды в образовательных учреждениях мира. Программа в виде проекта ЮНЕСКО носит общий рекомендательный характер и должна способствовать улучшению системы управления сферой образования и принципиальному пересмотру приоритетов финансирования

сферы физического воспитания школьной и студенческой молодежи, – представил проект специалист в области физического воспитания Бахытжан Есжанов.

Далее педагогам представили практический опыт и учебно-методические рекомендации французской федерации волейбола. В частности, рассказали о единственной сертифицированной федерацией волейбола Франции тренере-женщине в Казахстане Надежде Байтурсеевой, о ее участии во французской высшей лиге волейбола и работе в учебных заведениях Франции. Слушатели с большим интересом узнали о ее передовой методике работы с командой.

Курсы получили хороший отклик среди слушателей и в социальных сетях еще до завершения. Как отмечают организаторы, такие занятия будут продолжены на казахском языке.

Все слушатели по окончании курса получили методические рекомендации ННПЦФК МОН РК, на основе проведенных курсов и подготовленного аналитического материала будет издано учебно-методическое пособие.

Напомним, с 1 января 2021 года установлена новая доплата для учителей физической культуры детских садов, школ и колледжей. К своей зарплате они ежемесячно будут получать надбавку в размере 17 697 тенге. Несомненно, это стимулирует педагогов повышать свой уровень и качество обучения.

Асет СЫЗДЫКОВ

ҰЛЫЛАРЫМЫЗДЫ ҰЛЫҚТАУ

Рухани жаңғырудың алғышарты

2020-шы жыл – Қазақстан тарихында жаңа белестерге көтерілген, рухани жаңғырып ұлт болып ұйысуға ұмтылған ерекше жыл болып қалары сөзсіз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлттық сананы қалыптастырудың маңыздылығын ерекше атап айтқан болатын. Ұлттық сананы дамыту және оны қазіргі заманға бейімдеу мемлекеттік мәселеге айналды. Өйткені сананы дамыту арқылы 21-ші ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.



Сәуле САҒЫНТАЕВА,
Ғұмарбек Дәукеев атындағы
Алматы энергетика және
байланыс университетінің
ректоры, э.ғ.д., профессор

Осы орайда қазақ елінің даму тарихында ерекше орын алатын ұлы бабаларымыздың баға жетпес мол мұрасын терең зерделеп, шығармаларын басшылыққа алып, бүгінгі өмірімізде ұтымды пайдаланғанымыз жөн деп санаймыз. Шын мәнінде, осы ұлттық құндылықтарымызды қазіргі оң үрдістермен үйлестіре дамытып, қоғам игілігіне пайдалану күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. Бұл ретте, біз, алдыңғы қатарға «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама ойшыл әл-Фараби және кемеңгер ақын Абай сияқты даналарымызды қоямыз. Өткен жылы әл-Фарабидің 1150 жылдық, ақын Абайдың 175 жылдық мерейтойлары ЮНЕСКО көлемінде атап өтілді. Осының арқасында әлем жұртшылығы әл-Фараби және Абай мұрасын тағы бір тереңірек зерделеп шықты. Бұл ұлы тұлғаларымызға деген үлкен құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Қазіргі әлем жыл сайын емес, күн сайын өзгеруде. Адамзат қоғамының барлық саласында жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылым мен өнерде болып жатқан жаңалықтар адамдарды алға жетелейді. Білім мен еңбек арқылы ғана мақсатқа жетіп, ақылдың озатын кезеңі келді. Замана көшіне ілесіп, ілгері даму үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің жетістіктерін ұлттық мүдде-

ге үйлестіре білуді талап етеді. Әл-Фараби және Абай сияқты даналарымыз ел-жұртын түрлі ғылым мен өнерді игеруге үгіттеді, соның бәрі уақыттың талабы екенін анық аңғарып, халқына өсиет қалдырды. Қазіргі ғалымдар айтып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру, мәдениетті қоғам орнату идеясын ғұламаларымыз өз дәуірінде-ақ айтып кеткен. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылым мен өнерге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі, қоғамның дамудың жоғары сатысына көтерілуінің кепілі. Осыған орай, даналарымыз қалдырған ұлағатты сөздер мен мағынасы зор философиялық идеялар кейінгі ұрпақтың бағытын түзейтін темірқазығына айналуы қажет. Олардың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастырып, өркениетті қоғам орнатуына қызмет етеді. Олардың шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір адамның бойында ұлтына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан да әл-Фараби және Абайдың еңбектерінің нәрінен өскелең ұрпақтың санасына сіңіруі және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

Қазақ халқы мемлекеттігін нығайтып, тәуелсіз ел ретінде өсіп-өркендеуі үшін саяси-әлеуметтік, экономикалық және құқықтық салаларда заң үстемдігін орнатып, қоғамдық сананы жаңа деңгейге көтеруіміз керек. Сондықтан азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекеттік заңдарды сыйлаудың мән-маңызын түсіндіруге тиіспіз. Осы ретте тағы да ұлы ғұламаларымыздың шығармаларына зейін қойған абзал. Олар өз заманында-ақ әділетті қоғам орнатудың амалдарын зерттеп біліп, аса құнды идеяларын адамзатқа ұсынды. Әлемдік ғылыми қауымдастық екі данышпанның да философиялық көзқарастарын терең түсініп, бағалай білді, себебі олардың ұстанымдары өркениетті мемлекет қалыпталарымен үндеседі. Философ ретінде әл-Фарабидің адамзат мәдениеті тарихындағы рөлі ерекше екені даусыз. Әділетті қоғам құрылысын қалыптастыру тәсілінде ежелгі грек даналары ізімен жүре отырып, әл-Фараби адамның қоғамдық табиғатын мойындайды және қоғамды жетілдіруді адамдардың бақытқа жетуінің басты шарты деп санайды. Тек жетілген қоғамда ғана жеке адам өз мүддесі үшін, сондай-ақ басқа да азаматтардың мүддесі үшін де мемлекеттің қызмет атқару ісіне өз үлесін қосуға тиісті деп есептейді. Бұдан еңбек бөлінісін мұқият жүргізу қажеттігі идеясы келіп тұады. Қазіргі заманғы адамзат қоғамының даму заңдылығы, нарықтық экономиканың үстемдікке ие болуы ұлы ойшылдың айтып кеткен осы идеяларын дәлелдей түскендей. Әл-Фараби бүкіл адамзатты парасаттылық және зерделік жағынан өсіп-өркендеуге, әрбір адамды өзін-өзі үзіліссіз жетілдіруге шақырды. Оның «Бақыт жолын сілтеу», «Бақытқа жету жайында» сияқты еңбектері қай заманда болсын, бүкіл адамзат үшін маңызы өте зор, рухани даму жолында темірқазық болатын құнды туындылар. Әл-Фараби ойынша, бақытты болу дегеніміз – адамның теориялық танымды толық ашып, оны меңгеруі. Мұндай тұжырым ойшылды, философияны теориялық және практикалық деп екіге бөлуге алып келді. Практикалық философияның қарастыратыны этика және саясат мәселелері. Этика мен саясат –

екеуі де бір мәселені – бақытқа жетуді қарастырады, бірақ әрқайсысы өз әдісін қолданады. Саясат немесе азаматтық философия әлеуметтік топтардың әрекеттері мен қайырымдылық істерін, ал этика жеке адамдардың рухани өмірін қарастырады. Осыдан келіп азаматтық философия үстем орын алады, сөйтіп ол мақсаттарды анықтаудан бастайды, адамдардың қалай өмір сүру керек екендігін түсіндіреді деп қорытындылайды. Демек, азаматтық философия рационалды принциптерді, қоғам мүшелерінің ең жоғары мақсаты – бақытқа жетуіне, әрқайсысының өзінің табиғи мүмкіндігіне сәйкес жетуіне көмектесетін шарттарды ашып береді. «Бақыт жолын сілтеу» трактатында ұлы ойшыл, бақытқа жетуге бастайтын жолға ерекше назар аударады. Бұл шығармасында ол, өлгеннен кейінгі баянсыз бақыт туралы емес, тірі адамның осы өмірдегі бақыты туралы айтады. Оған жету үшін адам өзін-өзі жетілдіре отырып, жолындағы қиындықтарды жеңе білуі керек. Адам өміріндегі «жақсылық» пен «жамандық» «тәңірден» болмай, оларды адамның өзі таңдайтынын, белсенді әрекет факторына ерекше маңыз бергенін көрсетеді. Философтың осы пікірлері жастар тәрбиесінде болсын, тіпті қоғамның рухани дамуында болсын теориялық және практикалық негіз бола алатын құнды дүниелер деп ойлаймыз. Әл-Фараби өнер-білімді теориялық және тәжірибелік деп бөлгенде, білім мен әрекеттің рөлін осы принцип бойынша айырып көрсетеді. «Философияны, мақсаты – әсемдікке жету болып табылатын өнер» деп анықтама берген әл-Фараби, адамның өнер-білімді оқып үйренудегі басты мақсаты жан мен тән, адам мен қоғам, адам мен табиғат және руханилық пен материалды құндылықтардың үйлесімділігін орнату деп есептейді. Оның ойынша, «философия» адамда ғана болатын «ең ерекше игілік» – ақыл-парасат арқылы меңгеріледі. Ал ақыл-парасаттың қызметі мақсаттылық сипатта болуы тиіс, ол үшін адам дұрыс ойлауды үйренуі қажет, бұл бақытқа жету жолының бастауы деп түйіндейді. Қазіргі, материалдық құндылықтар бірінші орынға шығып тұрған қоғамда, оқу мен тәрбие мәселесінде әл-Фараби мен Абайдың асыл сөздері ұстаздар үшін таптырмас оқу құралы болып табылады. Себебі, тұтынушылық психология үстемдік етіп тұрған заманда, «суық ақыл» (Абай) қоғамдық сананы да, жеке адам санасын да жаулап алады. Абайдың пайымдауынша, «әуелде бір суық мұз – ақыл зерек, жылытқан тұла бойды ыстық жүрек», олай болса біз ақын айтқан «нұрлы ақыл» иелерін тәрбиелеуіміз керек. Ал «нұрлы ақыл» адамның жүрегінде, оны ояту үшін жүректен сөйлейтін ұстаздар қажет. Қазіргі заманғы әлемдік білім беру тәжірибесінде оқыту процессін гуманизациялау үрдісі анық байқалады, нақтылап айтсақ гуманитарлық пәндерге ерекше көңіл бөлінуде. Бұл заңды және өте актуальды құбылыс. Себебі бүгінгі таңда адамзат қоғамы тағдыры аса қауіпті «шекаралық жағдайға» (экзистенциализм философиясы) тіреліп тұр десе де болады. Оған дәлел, әлемдегі мәдениеті дамыған деген елдердің өзіндегі саяси-әлеуметтік қатынастардың шиеленісуі, адамдардың рухани-психологиялық дағдарысқа ұшырауы, адами-парасаттылық құндылықтардың құнсыздануы, өмірге деген сенімсіздік

пен түңілудің етек алуы. Бұл тығырықтан шығудың жолдары қоғамның барлық салаларында түбегейлі өзгерістер енгізу. Бір сөзбен айтқанда рухани мәдениет пен гуманизмге бетбұрыс және адамзат ақыл-парасатының барлық мүмкіндіктерін рухани салаға жұмылдыру қажет. Біртұтас ноосфераға жалпыадамзаттық, гуманистік және зерделік мүмкіндіктерді шоғырландыру керек. Бұл экологиялық тепе-теңдікті сақтау, шексіз-тоқтаусыз материалдық тұтынууды азайтып реттеу, соғыс қаруын жетілдіруге кетіп жатқан шығындарды жою. Жалпы адами руханилық қана адамзаттың өзін және тұрмыстық жағдайын әл-Фараби көрсеткендей «орта өлшем» деңгейіне көтеретін, қоғам мен табиғат арасындағы өзара байланысты тиімді үйлесімділікке жеткізетін жалғыз жол екендігін түйсінетін мезгіл жеткен сияқты.

Біз зерделеп отырған екі ғұлама ойшылдардың көзқарастары мен ойлары өте үндестігі және тереңдігімен бізді тәнті етеді. Олар жалпыадамзаттық құндылықтарға ерекше мән беріп, бүкіл адамзатты ақыл мен парасат тұрғысынан бірігуге шақырды. Олардың ойынша мақсаттың дұрыс, ізгі мазмұнда болуы және түсінікті болуы, қайырымдылық пен ақыл-парасаттың үстемдікте болуы адамдардың бақытқа жетуіне көмектеседі. Олардың қоғам және ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық көзқарастары бүгінгі адамзат қоғамы үшін де айырықша маңызды. Шығыс пен Батыстың ғылымы мен мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды, даналарымыздың философиялық көзқарастары қазіргі жаһандану заманындағы адамзат үшін де, өз ұлтымыз үшін де тіпті маңызды. Даналарымыздың гуманистік идеяларының басты түйіні – адамгершілік, ақыл-білім, әсемдік арқылы адамзат баласын жетілдіріп, қайырымды қоғам орнатуды мақсат ету. Бұл – адамзаттың даму жолындағы ізгі арманы және негізгі бағыты екені, тарихта өмір сүрген барлық дана ойшылдардың қалдырған рухани мұраларынан көрініс тапқан. Осы тұрғыдан алғанда, жоғарғы оқу орындарында адамзат ақыл-ойының нәрі жинақталған, ғылым мен өнердің түп-тамыры болып табылатын, әлемдік оқу ордаларында ғасырлар бойы оқытылып келе жатқан философия ілімінің міндетті пән ретінде қалуы-қалмауын күн тәртібіне қою ақылға сыйымсыз болып көрінеді. Көне грек данышпаны Платонның айтқан сөзіне құлақ салсақ: «данышпандар мен ақымақтардан» басқалардың бәрі де философияны оқуға міндетті дейді! Ал философияны түсініп қабылдау үшін, адамға екі нәрсе міндетті түрде қажет болады, біріншіден әртүрлі ғылымдардан белгілі деңгейде білім алу, екіншіден белгілі дәрежедегі өмірлік тәжірибенің жинақталуы. Сол себептен орта мектеп қабырғасындағы оқушыларда білім болғанымен тәжірибе жеткіліксіз, тек жоғарғы оқу ордасындағы студенттерде екінші курстардан бастап аталған мүмкіндіктер пайда болады. Расында да, өмірлік тәжірибесі аз жас жеткіншекке мазмұны тереңде жатқан ұғымдар мен пікірлерді түсініп, өмір ұндығымен үйлестіру қиынға түсері сөзсіз. Біздің университетіміз өндіріс пен техника саласының мамандарын даярлайды, дегенмен, қоғамға білімді мамандар ғана керек емес, өндірісті ұйымдастырып, ұжымға жетекші болатын жоғары

білімді, мәдениетті адамдар керек. Қазақ халқында «көзі ашық, көкірегі ояу азамат» деген ұғым бар. Сауатты, өмірдің мөнін, халқының қамын ойлай білетін тұлғаны осылай атаған. Абайдың «кемел адам» деп атаған жан иесі де осындай ақыл-парасаты толысқан, ойы мен ісі тоғысқан, өзіміз емес, жақынына болысқан адам. Қазіргі заманғы Қазақстанға керегі де осындай білімді және парасатты, «көркем мінезді» (Абай) азаматтар. Тәуелсіз еліміздің ендігі алда тұрған міндеттерінің бірі де, ұлтымыздың интеллектуалдық коэффициентін және эмоционалдық коэффициенттерін жоғарғы деңгейге көтеру болып табылатыны белгілі. Абай айтқан: «Адасып алаңдама жол таба алмай, Берірек түзу жолға шық қамалмай, Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ, Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай!», – деген сөздерден бүгінгі ұрпақ сабақ алуы тиіс сияқты. Ұлттық келбетімізді қалыптастыратын, ғылым мен өнерді, кәсіптік шеберлік пен біліктілікті ұлттық менталитетімізді ескере отырып дамыту, табиғат ерекшелігіне бейім шаруашылық салаларын тиімді пайдалану, қай жағынан алсақ та бүгінгі уақыт талабы. Қоғамды алға дамытатын, ұлтты қалыптастыратын, мемлекеттілікті нығайтатын, тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай қорғайтын сол Абай айтқан «кемел тұлғалар», ғылыми тілмен айтсақ «ұлттық элита». Ұлттық немесе «классикалық» деп аталатын мәдениетті тудыратындар да сол ұлттық «элитамыз». Сондықтан да халқымыз бұқаралық мәдениеттің тасасында қалып қоймасын десек, ғасырлар қойнауында жатқан рухани қазынамызды, ғылым мен техника дамыған қазіргі заманға бейімдеп қайта түлетуіміз қажет. Қазақстандағы білім мен өнер ошақтарының қасиетті де басты миссиясы – жастарды осы бағытта тәрбиелеп, олардың ойында білім мен парасат, бойында «ұлттық мінез» қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда қоғам дамуын гуманистік бағытқа бұру, білім беру саласын гуманитарлық мазмұнда дамыту күн тәртібінде тұрған мәселе деп санаймыз.

Біздің университетте қоғамдық пәндерге ерекше көңіл бөлінген. Себебі, егер барлық нақтылы және кәсіптік білім беру пәндері бойынша студент жастарымыз жоғары білімді маман болуға дайындалса, гуманитарлық пәндер мәдениетті адам болуға даярлайды. Университетіміздің ұйымдастыруымен 2019 жылы Жастар жылына арналып студенттердің республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өткен болатын. 2020 жылы әл-Фараби және Абайдың мерейтойларына байланысты еліміздің әл-Фарабиді зерттеп жүрген және абайтанушы ғалымдардың қатысуы-мен бірқатар дөңгелек үстелдер өтті. Сонымен бірге әл-Фарабидің «Қайырымды қаланың тұрғындары», Абайдың «Қара сөздер» атты шығармаларына арналған студенттік ғылыми конференциялар ұйымдастырылды. Оқу ордамызда мәдени-тәрбиелік маңызы зор ұстаздар және студенттердің тұрақты кездесулер мен жиналыстар өткізетін «Парасат», «Руханият», «Ұлағат» «Фибрат» атты клубтар өз жұмыстарын абыроймен жүргізіп келеді.

Быыл «Рухани жаңғыру» жоба-

лық кеңсесінің жұмысын жандандыру мақсатында Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетіндегі аталмыш кеңсе қызметкерлерінің құрамы сапалық жағынан қайта жасақталып, сарапшы кәсіби мамандар тартылды. 2021 жылдың 1 ақпанынан «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің жаңартылған құрамы бекітілді. «Рухани жаңғыру» жұмысын жетілдіру және орталықпен тығыз байланыста болып, бір орталықтан үйлестіріп отыру мақсатында «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ тығыз байланыс орнату, жобалық кеңсе жұмысын ұйымдастыру жауапкершілігі университетіміздің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Махмұтов Серік Қапанұлына жүктеліп отыр.

Университетіміздің «Рухани жаңғыру» жоспары қайта қаралып, жаңа ұсыныстар негізінде толықтырылды. Республикалық мазмұндағы тақырыптық көлемді жобалар ескерілді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жастар арасында кең насихаттау үшін студенттер қатарынан көшбасылар мекені қалыптастыратын ортаны белгіледік. Оның жетекшісі болар электрэнергетика 18-1 тобының студенті Талғат Артыков бастаған белсенді топты айқындап алдық. Университетімізде «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің жұмысына ақыл-кеңес беретін тәжірибелі оқытушы-профессорлар тарапынан сарапшылар құрамы қарастырылған. Оқытушы-профессорлардың «Рухани жаңғыру» бағытында қоғамдық ой қалыптастыратын пікірлер мен ой-толғамдар баспасөзде, әлеуметтік желілерде үзбей жарияланып келеді. Ендігі оқытушы-профессорлардың жазған ғылыми-танымдық еңбектерін «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде жинақтап, құрастыруға басқа да жоғары оқу орындары оқытушыларын сапалы жұмыстарымен қатысуға шақырамыз. 2021 жылға «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша білім беруді тереңдетуге оқытушылар арасында және студенттерге оқыту курстарын ұйымдастыру үшін екі оқу құралын жоспарға енгіздік.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының алты бағыты бойынша зерделеу жұмыстарын жүйелі жүргізу қолға алынған. Мәселен университетімізде студенттерге ата-бабаның ерлігі мен мұраларын қастерлеу бағытында жыл сайын «Ұлы Отан соғысы менің отбасымның тарихында» атты республикалық дәрежедегі студенттік конкурс өткізіледі. Мұндағы студенттердің бар жинақталған зерттеу-шығармашылық жұмыстарының электронды жинақ көлемі 20 баспа табақты құрады.

«100 тұлға жобасы» бағыты бойынша да 1998 жылы құрылғаннан бері тағылымға толы Қазақстан Республикасының көрнекті қайраткерлерімен кездесу ұйымдастыратын студенттердің зияткерлік «Парасат» клубының шеңберінде еліміздің 100 танымал тұлғаларымен сұхбат өткізуді тұрақты жалғастырып келеді. Сол жұмыстың қорытындысы «Рухани жаңғыру» аясында жастарымызға рухани сабақ болсын деген тілекпен «Парасат» зияткерлік клубының шығармашылық жолы» атты қазақ-орыс тілінде кітап-альбом (-А: «Принт-Экспресс» 2020) басып шығардық.

Жаппай пандемия жағдайында студенттердің қашықтан оқуымен байланысты Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің студенттері мен магистранттарына арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Есімдері ел есінде – біртуар тұлғалар» атты тақырыптық жобалары бойынша 2020-2021 оқу жылына шығармашылық жұмыстарға конкурс жариялаған болатын. Комиссияның қарастыруымен күзгі семестрдің қорытындысында студенттердің 50-ден астам жұмыстарын қабылдап, үздік шығармалары сайтта жарияланды. 2021 жылдың 1 ақпанынан семестрлік оқуымыздың басталуына орай конкурстың екінші кезеңі жалғасуда. Оған университеттің студенттері мен магистранттары да қашықтан қатыса алады және қабылданған жұмыстардың жалпы қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар марапатталады. Өткізіліп отырған іс-шаралардың мақсаты – студенттердің шығармашылық қабілетін арттыру, болашақ инженер маманның туған жерге деген сүйіспеншілігін, туған ел – қасиетті мекенге деген патриоттық сезімін ояту, Отанды сүйуге, өз елінің тарихын білуге, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды пайымдау арқылы танымдық белсенділіктерін дамыту. Жастарымыз тұрғылықты жерінен онлайн түрінде туған өлке, киелі жерлер, көне ескерткіштер мен тарихи жәдігерлер, өңірінің тарихи тұлғалары мен бүгінгі заманымыздың батыр кейіпкерлері, еңбегі сіңген тұлғалары туралы жұмыстар (эссе, ғылыми жоба, презентация, видео түсірілім, өлең-жырлар т.б.) көпшілік қауымның қызығушылығын тудыратын көркем-ғылыми мазмұндағы шығармаларын конкурсқа жолдайтын болады.

Қорыта айтқанда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тәлім-тәрбие жұмысы университетімізде оң жолға қойылған. Арнайы жасақталған кабинетіміз бар. Ол жерде «Хан-Тәңірі» атауымен ұлттық аспаптарда ойнайтын студенттік топ жетекшісімен онлайн жұмыс істейді. Оларға қажетті аспаптар, ұлттық киімдер алынған. Яғни университет ұжымы жастарға білім беруден ғана шектелмей, оларды адамгершілікке, ұлтжандылыққа, отаншылдыққа, талғампаздылық пен мәдениеттілікке бағыттап тәрбиелеуде жетістіктерге жетіп келеді. Алда тағы бір үлкен-үлкен іс-шаралар келе жатыр. Ол Жамбыл атамның 175 жылдық мерейтойы, ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы, ізінше заңгер жазушы Мұхтар Әуезовтың мерейлі 125 жылдығы да таяп қалды. Университет ұжымы абыроймен атап өту үшін түрлі іс шараларды бастап кетті... Халқымыздың ұлы тұлғалары, ғұлама ғалымдары қалдырған рухани мұраларымызды зерттеп, насихаттап, жас ұрпақтың бойына сіңіру әрбір білім мен мәдениет, ғылым мен өнер саласында қызмет етіп жүрген қазақ азаматының қасиетті борышы деп ойлаймыз. «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге», – деп «жан азығын» бәрінен жоғары қойған ақын Абайдың өсиеті бүгінгі қазақ азаматтарының өмірлік қағидасы болса деп тілейміз!

НАЗНАЧЕНИЕ

Председателем Правления – Ректором Kozybayev University назначен Ерлан Шуланов



Решением Республиканской комиссии во главе с заместителем премьер-министра РК Е.Л. ТУГЖАНОВЫМ Ерлан ШУЛАНОВ был назначен на должность Председателя Правления – Ректора Kozybayev University.

На заседании Ученого совета его представил коллективу университета вице-министр образования и науки РК Мирас Дауленов.

Ерлан Нурлыбекович Шуланов родился в г. Караганде в 1984 году. С отличием окончил Евразийский национальный университет по специальности «Международное право». Имеет степень магистра MBA.

Трудовую деятельность начал в 2003 году в ОЮЛ «Конгресс молодежи Казахстана». Работал в качестве гл. консультанта в АО «КЕГОС», юристом в ТОО «Adal Solutions», экспертом-аналитиком в ТОО «Центр регионального развития и исследований», Академии государственного управления при Президенте РК, главным менеджером АО «ФНБ «Самрук-Казына». Принимал участие в разработке концепции его кадровой политики, создании Корпоративного университета «Самрук-Казына».

Ерлан Нурлыбекович – опытный управленец, долгое время занимался информационно-аналитической работой. Был в должности начальника отдела анализа и исследований АО «Центр международных программ». Руководил аналитической группой МОН РК. Занимался вопросами создания АО «Холдинг «Кәсіпқор», реформирования программы «Болашақ», участвовал в разработке модели вертикали контроля качества МОН РК.

В течение 3 лет трудился в должности исполнительного директора в АО «Назарбаев Университет», затем – президента АО «Информационно-аналитический центр» МОН РК.

«Сегодня перед коллективом Kozybayev University стоит большая цель сделать университет драйвером притяжения, чтобы увеличить контингент обучающихся и сократить отток абитуриентов в другие страны. У Ерлана Шуланова есть знания и опыт, чтобы решить эти задачи», – сообщил вице-министр образования и науки РК.

Кроме того, он отметил, что вуз с богатой историей имеет высокие показатели по трудоустройству выпускников – 94%, входит в тройку лидеров по рейтингу НПП «Атамекен». Также выразил уверенность, что университет сможет включиться в проект «15 региональных вузов» и получить дополнительную финансовую поддержку со стороны государства.

В свою очередь, заместитель акима СКО Даурен Жандарбек поздравил Ерлана Шуланова с назначением. Он акцентировал внимание на том, что руководство области активно поддерживает динамичное развитие единственного североказахстанского университета: начато строительство нового 11-этажного учебно-лабораторного комплекса и двух общежитий для обучающихся на 244 и 306 мест. Запланировано возведение современного Дома студентов на 1200 мест. Все это даст новый импульс функционированию вуза, который остается надежной базой по подготовке квалифицированных специалистов.

Ерлан Шуланов поблагодарил МОН РК за оказанное доверие. «Я очень рад, что мне выпала честь работать в этом университете. Сегодня на него возложены большие ожидания. Уверен, с поддержкой акимата СКО задачи, поставленные руководством страны, будут обязательно достигнуты. А системная работа, которая налажена в коллективе, станет фундаментом для дальнейшего развития Kozybayev University», – резюмировал Председатель Правления – Ректор.

ИЗДАТЕЛЬСТВО «АТАМУРА»

Алина Соловьева: «Многие мои коллеги (не биологи), прочитав учебник, говорят: оказывается, биология – это интересно»

